

# Panasonic®



## Пайдалану нұсқаулығы Негізгі нұсқаулық

**Сымсыз презентация жүйесі** Бизнесе пайдалануға арналған

# PressIT

Үлгі нөм.	<b>TY-WPS1W</b> WPS негізгі жинақ	<b>TY-WP2B1W</b> WPS таратқыш жабдық	<b>TY-WP2BC1W</b> WPS USB-C таратқыш жабдық
	<b>TY-WPSC1W</b> WPS USB-C негізгі жинақ	<b>TY-WPB1W</b> WPS таратқыш	<b>TY-WPBC1W</b> WPS USB-C таратқыш

\* WPS – “Wireless Presentation System (Сымсыз презентация жүйесі)” деген сөз.

Panasonic өнімін сатып алғаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

- Бұл өнімді пайдаланбас бұрын, осы нұсқауларды оқыңыз және болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз.
- **Пайдаланбас бұрын “Қауіпсіздік шаралары” (2 – 4-бет) құжатын оқыңыз.**
- Бұл пайдалану нұсқаулықтары TY-WPS1W, TY-WPSC1W, TY-WP2B1W, TY-WPB1W, TY-WP2BC1W және TY-WPBC1W жүйелеріне ортақ.

Казахский

DA0521TS2042 -PB

# EAC

Қауіпсіздік шаралары	2
Қосалқы құралдар	5
Бөлшек атаулары	6
Қосылым	8
Негізгі қолданыс	10
Трансмиттер қосылымын бекіту	12
Трансмиттерді ұзарту әдісі (жұптау)	13
Қабылдағышты орнату	15
Сымсыз LAN пайдалану ескертпелері	17
Қауіпсіздікке қатысты сұрау	19
Техникалық сипаттамалар	21

DPQX1566ZC/X1

# Қауіпсіздік шаралары

## **ЕСКЕРТУ:**

**Дұрыс жұмыс істемесе немесе ақау пайда болса, дереу өнімді қолдануды доғарыңыз.**

**Дұрыс жұмыс істемей тұрған жағдайда, қуат көзінен ажыратыңыз.**

- Түтін шығады немесе бір түрлі иіс немесе дыбыс шығады.
- Кейде бейне немесе аудио ойнамай қалады.
- Өнімнің ішіне су сияқты сұйықтық немесе бөгде заттар кіріп кеткен.
- Өнім деформацияланған немесе зақымдалған.

Өнімді осындай жағдайда пайдалансаңыз, өрт шығуы немесе электр тоғы соғуы мүмкін.

- Қуат ашасын розеткадан ажыратып, өнімді сатып алған дилерге жөндетіңіз.
- Бұл құрылғыны өшіру үшін, оны толығымен қуат көзінен ажырату керек.
- Өнімді тұтынушы өз бетінше жөндемеуі керек. Ол өте қауіпті.
- Қуат ашасын дереу суыру керек болған жағдайда, қиналмайтындай қолжетімді жердегі розетканы пайдаланыңыз.

## **Өнімнің ішіне бөгде заттар салмаңыз.**

Желдеткіш саңылауы сияқты тесіктерден өнімнің ішіне металл немесе тұтанғыш заттар салмаңыз немесе тастамаңыз.

Түтін шығады немесе бір түрлі иіс немесе дыбыс шығады.

- Әсіресе балаларды жіті қадағалаңыз.

## **■ АТ адаптері туралы ақпарат**

**Осы өніммен бірге берілген АТ адаптерін немесе АТ адаптерінің кабелін ғана пайдаланыңыз.**

Басқа АТ адаптерін немесе АТ адаптерінің кабелін пайдалансаңыз, қысқа тұйықталып немесе қызып кетіп, электр тоғы соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.

**Шаң жиналып қалмауы үшін қуат ашасын жүйелі түрде тазалап тұрыңыз.**

Олай етпеген жағдайда, ылғал пайда болып, өрт шығуы немесе электр тоғы соғуы мүмкін.

- Қуат ашасын шығарып, оны құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

**Қуат ашасын сулы қолмен розеткаға тығуға немесе одан шығаруға болмайды.**

Бұлай жасасаңыз, электр тоғы соғуы мүмкін.

**Номиналды мәндерден асып кететін немесе 100–240 В АТ көрсеткішінен басқа розетканы немесе сымды құрылғыларды пайдалануға болмайды.**

Бір розеткаға шамадан тыс көп тығын жалғау арқылы номиналды мәндерден асырып пайдалансаңыз, қызып кетіп, өрт шығуы мүмкін.

**Қуат ашасын толық тығыңыз.**

Толық тықпаған жағдайда, электр тоғы соғуына немесе қызып кетуіне байланысты өрт шығуы мүмкін.

- Ашасы зақымдалған немесе бос розеткамен өнімді пайдалануға болмайды.

### **АТ адаптерін және қуат ашасын зақымдамаңыз.**

зақымдау, өзгерту, күштеп майыстыру, бұрау, тарту немесе байлау, ыстық құрылғыларға жақындату, олардың үстіне ауыр заттар қою және т.б.

Олай етсеңіз, қысқа тұйықталу немесе ажырап кету салдарынан өрт шығуы немесе электр тогы соғуы мүмкін.

• АТ адаптерін немесе қуат ашасын дилерге жөндетіп алыңыз.

**Бұл өнімді кардиостимулятор орнатылған жерден кемінде 15 см алшақ ұстаңыз.**

Радио толқындар кардиостимулятордың жұмысына әсер етуі мүмкін.

**Бұл өнімді ұшақта пайдалануға болмайды.**

Жұмыс қауіпсіздігіне кері әсер етуі мүмкін.

**Өнімді автоматты есептің, өрт сигнализаторының немесе бақса автоматты басқару құрылғыларының жанында пайдаланбаңыз.**

Бұл өнімнен шығатын радиотолқындар автоматты басқару құрылғыларына әсер етуі мүмкін, нәтижесінде жұмыс қатесі шығып, оқыс оқиға орын алуы мүмкін.

**Бұл өнімді ауруханада немесе медициналық жабдық орналасқан жерде пайдалануға болмайды.**

Бұл өнімнен шығатын радиотолқындар медициналық жабдыққа әсер етуі мүмкін, нәтижесінде жұмыс қатесі шығып, оқыс оқиға орын алуы мүмкін.

**Өнімді ұзақ уақыт бойы ұстап тұрып пайдаланбаңыз.**

Өнімнің ыстық бөліктерін және АТ адаптерін ұзақ уақыт ұстап тұрсаңыз, жеңіл күйіктерге\* себеп болуы мүмкін.

\* Қан айналымы нашар (қан тамырларының дұрыс болмауына, қан айналымының дұрыс болмауына, диабетке немесе қан қысымының жоғары болуына байланысты) немесе терісі сезімтал адамдар (егде адамдар) жеңіл күйік алып қалуы мүмкін.

**Найзағай соға бастағанда, өнімді және АТ адаптерін ұстауға болмайды.**

Бұлай жасасаңыз, электр тогы соғуы мүмкін.

**Өнімді сулауға болмайды.**

Бұлай жасасаңыз, өрт шығуы немесе электр тогы соғуы мүмкін.

**Өнімді қозғалып тұратын жерге қоюға болмайды.**

Өнімді қалтылдаған үстелдің үстіне немесе еңіс жерге қойсаңыз, құлып кетіп, адамды жарақаттауы мүмкін.

**Артқы қақпақты (корпус) шығаруға немесе өзгертуге болмайды.**

**Қабылдағышпен бірге берілген бұрандаларды нәрестелердің қолы жетпейтін жерге қойыңыз.**

Бұрандаларды жұтып қоюы мүмкін.

• Ондай жағдайда, дереу дәрігерге қаралыңыз.

**Орнату үшін білікті техник маманның немесе дилердің көмегіне жүгініңіз.**

Егер орнату жұмысы дұрыс жасалмаса, оның құлап кетуі мүмкін.

**Пайдалану барысында транзиттердің астыңғы бетін ұстамаңыз.**

Пайдалану кезінде және пайдаланып болған соң, транзиттердің астыңғы беті біраз уақыт ыстық болады, күйіп қалуыңыз мүмкін.

Сонымен қатар оны ыстыққа сезімтал заттардың үстіне қоймаңыз.

Олай етсеңіз, деформациялануы немесе түсін жоғалтуы мүмкін.

## **САҚТЫҚ ШАРАСЫ:**

**Бұл өнімнің желдеткіш саңылауын бөгеменіз.**

**Өнімді тар және ауа айналымы нашар жерге қоймаңыз.**

Олай істесеңіз, іші қызып кетіп, өрт шығуы немесе жұмысында ақау пайда болуы мүмкін.

**Өнімнің үстіне ауыр зат қоймаңыз.**

Бұлай жасасаңыз, өрт шығуы немесе дұрыс жұмыс істемей мүмкін.

**Өнімді температурасы жоғары жерге, ылғалды немесе шаңды жерге қоймаңыз немесе май түтіні немесе буы әсер ететін жерге (мысалы, ас әзірлеу үстелі және ылғалдандырғыш) қоюға болмайды.**

Бұлай жасасаңыз, өрт шығуы немесе электр тогы соғуы мүмкін.

**Қосылым кабельдерін шығарып жатқанда, коннектордан ұстап тартыңыз.**

Кабельден ұстап тартсаңыз, кабель зақымдалуы мүмкін, нәтижесінде электр тогы соғып немесе қысқа тұйықталып, өрт шығуы мүмкін.

**Өнімді тасымалдағанда, жабдықтың қосылым кабельдерін алдын ала шығарып қойыңыз.**

Олай етпесеңіз, сым немесе өнім зақымдалуы мүмкін, нәтижесінде өрт шығу немесе электр тогы соғу қаупі бар.

**Өнімді ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, қуат ашасын розеткадан шығарып қойыңыз.**

Қуат ашасында шаң жиналып қалуы мүмкін. Ол өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болады.

**Қосылым кабельдерін тартуға немесе ілуге болмайды.**

Олай етсеңіз, өнім құлап кетіп, жарақаттауы мүмкін.

- Әсіресе балаларды жіті қадағалаңыз.

## **■ Техникалық қызмет көрсету**

**Техникалық қызмет көрсеткенде, қауіпсіздік үшін қуат ашасын розеткадан шығарып қойыңыз.**

Олай етсеңіз, электр тогы соғуы мүмкін.

Қорғау класы II

# Қосалқы құралдар

Көрсетілген қосалқы құралдар мен элементтер бар-жоғын тексеріңіз.

## WPS негізгі жинақ TY-WPS1W

WPS қабылдағыш (TY-WPR1W)..... 1	WPS таратқыш (TY-WPB1W)..... 2	Трансмиттер қорабы (TY-WPC1) ..... 1
AT адаптері (DPVF3699ZA/X1)... 1 (ішіне 4 түрлендіру ашасы кіреді)	AT адаптерінің кабелі (DPVF3515ZA/X1)... 1	HDMI кабелі (DPVF3512ZA/X1)... 1
USB ұзартқыш кабелі (DPVF3513ZA/X1)... 2	Қабылдағышты орнатуға арналған кронштейн (15-бетті қараңыз)... 1	

## WPS USB-C негізгі жинақ TY-WPSC1W

WPS қабылдағыш (TY-WPR1W)..... 1	WPS USB-C таратқыш (TY-WPBC1W)..... 2	Трансмиттер қорабы (TY-WPC1) ..... 1
AT адаптері (DPVF3699ZA/X1)... 1 (ішіне 4 түрлендіру ашасы кіреді)	AT адаптерінің кабелі (DPVF3515ZA/X1)... 1	HDMI кабелі (DPVF3512ZA/X1)... 1
Жұптауға арналған түрлендіру адаптері (DPVF3516ZA/X1)... 1	Қабылдағышты орнатуға арналған кронштейн (15-бетті қараңыз)... 1	

## WPS таратқыш жабдық TY-WP2B1W

WPS таратқыш (TY-WPB1W)..... 2	Трансмиттер қорабы (TY-WPC1)..... 1	USB ұзартқыш кабелі (DPVF3513ZA/X1)... 2
--------------------------------	-------------------------------------	--

## WPS таратқыш TY-WPB1W

WPS таратқыш (TY-WPB1W)..... 1	USB ұзартқыш кабелі (DPVF3513ZA/X1)... 1
--------------------------------	--

## WPS USB-C таратқыш жабдық TY-WP2BC1W

WPS USB-C таратқыш (TY-WPBC1W)..... 2	Трансмиттер қорабы (TY-WPC1)..... 1	Жұптауға арналған түрлендіру адаптері (DPVF3516ZA/X1)... 1
---------------------------------------	-------------------------------------	--

## WPS USB-C таратқыш TY-WPBC1W


WPS USB-C таратқыш (TY-WPBC1W) ..... 1	Жұптауға арналған түрлендіру адаптері (DPVF3516ZA/X1)... 1
--	--

### Назар аударыңыз

- Ұсақ бөлшектерді тиісті түрде сақтаңыз және балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Қосалқы құралдардың бөлшек нөмірлері ескертусіз өзгертілуі мүмкін. (Нақты бөлшек нөмірі жоғарыда көрсетілгендерден басқаша болуы мүмкін.)
- Қосалқы құралдарды жоғалтқан жағдайда дилерден сатып алыңыз. (Тұтынушыларды қолдау қызметінен алуға болады)
- Элементтерді қаптамадан алғаннан кейін қаптама материалдарын тиісті түрде қоқысқа тастаңыз.

# Бөлшек атаулары

## ■ Қабылдағыш (TY-WPR1W)



### 1 Антенна

### 2 FUNCTION түймесі / LED шамы

Жұптау файлын USB жадына сақтау үшін пайдаланылады.

### 3 Индикатор

Қуат көзінің құйін, LAN және USB байланыс күйлерін көрсетеді.

### 4 Кронштейнге арналған бұранда тесіктері (15-бет)

Қабылдағышты кронштейнге бекіту үшін қолданылады.

### ▼ Қосылым терминалдары / Басқару элементтері

### 5 Қауіпсіздік слоты

Бұл қауіпсіздік слоты Noble Wedge слотымен үйлесімді.

### 6 Қуат кірісі терминалы

### 7 Қуат түймесі

Қабылдағышты ҚОСАДЫ/ӨШІРЕДІ.

### 8 Бастапқы күйге қайтару түймесі

Өнімнің бастапқы зауыттық параметрлерін қайтарады.

### 9 USB терминалы (Type-A)

Құрылғыларды жұптау кезінде трансмиттерді немесе USB жадын қосады.


### 10 LAN терминалы (RJ45)

Өнімнің параметрлерін өзгерту үшін желіге жалғайды.


### 11 HDMI шығыс терминалы

HDMI кірісімен жабдықталған кескіндеу құрылғысына жалғайды.

## ■ Трансмиттер (TY-WPB1W)




## ■ USB-C трансмиттері (TY-WPBC1W)



- 1 HDMI кіріс терминалы**  
HDMI шығысымен жабдықталған кескіндеу құрылғысына жалғайды.
- 2 USB терминалы (Type-A)**  
USB қуат көзінің құрылғысына жалғайды.
- 3 Негізгі түйме / LED шамы**  
Кескін дисплейін қосады және өшіреді.
- 4 Қосалқы түйме / LED шамы**  
Көп экранды режимге ауысады.
- 5 Режимді ауыстыру**  
Жұптау кезінде қолданылады.
- 6 USB терминалы (Type-A)**  
Қабылдағышпен жұптау кезінде USB жадына жалғайды.
- 7 USB терминалы (Type-C)**  
Кескіндеу құрылғысын USB Type-C шығысына жалғайды.

## ■ Трансмиттер қорабы

2 трансмиттер және USB ұзартқыш кабелін сақтауға болады.



# Қосылым

Қоспас бұрын, осы жүйеге жалғанатын құрылғының нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз.

Кабельдерді жалғамас бұрын, барлық құрылғының қуатын өшіріңіз.


## Қабылдағышты жалғау

**1** Қуат көзіне қосу үшін АТ адаптерін және АТ адаптерінің кабелін қабылдағышқа жалғаңыз.

▶ Розетканың пішініне сәйкес келетін АТ адаптерінің түрлендіру ашасын пайдаланыңыз.

<Шығарып алу әдісі>


- 1 Түймені басыңыз
- 2 Ашаны шығарыңыз



### Ескертпе

- Розеткаға жалғанып тұрған АТ адаптерінің түрлендіру ашасын шығармаңыз.

**2** Дисплей және проектор сияқты дисплей құрылғысын HDMI кабеліне жалғаңыз.




### Ескертпе

- Қабылдағышты қуат көзіне жалғау үшін берілген АТ адаптерін немесе USB қуат көзінің құрылғысын пайдаланыңыз. Оның көрсеткіші 5 В/2 А болуы керек.



- 3** Қабылдағыштың қуат түймесін басыңыз. Дисплей құрылғысында күту режимінің экраны пайда болғанда, қабылдағыш дайындықты аяқтайды.




Күту режимінің экраны

## Трансмиттерді жалғау


- 1** Трансмиттердің USB терминалы мен HDMI кіріс терминалын кескін көрсету құрылғысына жалғаңыз.

- Трансмиттерді қуат көзіне қосу үшін 5 В/0,9 А қуат көзі керек.




USB-C трансмиттері үшін USB терминалын (Type-C) кескін шығару құрылғысына жалғаңыз.

- 2** Қызыл түсті жыпылықтаудан (қосылуда) бастап ақ түстің жануына (күту режимі) дейінгі негізгі LED өзгерістері.



Қызыл шамның жыпылықтауы (қосылуда)



Ақ түсті шамның жануы (күту режимі)

# Негізгі қолданыс

## Бір қосылым


Бұл бөлімде бір трансмиттердің көмегімен кескінді қалай көрсету керектігі түсіндіріледі.

### 1 Күту режимінің экраны көрсетіліп тұрғанда, трансмиттердің негізгі түймесін басыңыз.


Кескін көрсетіледі.




Күту режимінің экраны



Толық экранда көрсету



Ақ түсті шамның жануы  
(күту режимі)



Жасыл шамның жануы  
(дисплей)

### ▶ Негізгі түймені қайта бассаңыз, негізгі LED шамы ақ түске өзгереді және оны күту режиміне қайтарады. (Экран күту режимінің экранына қайтады.)

- Бірнеше трансмиттерді пайдаланғанда, кескін негізгі түймесі басылған трансмиттердің кескініне ауысады.


## Бірнеше қосылым

Бұл бөлімде бірнеше трансмиттердің көмегімен кескіндерді бір уақытта қалай көрсету керектігін түсіндіреді.


4 трансмиттердің кескінін бір уақытта көрсетуге болады.

### 1 Толық экранда көрсету кезінде трансмиттердің қосалқы түймесін 1 секундтан ұзақ басып тұрыңыз.


Қосалқы LED шамы жасыл түсте жанады және көп экранды режим қосылады.



Толық экранда көрсету




Қосалқы LED шамы  
ӨШІРУЛІ



Қосалқы LED шамы  
Жасыл шамның жануы  
(Көп экранды режим)

## 2 Кескін көрсетілетін трансмиттердің негізгі түймесін басыңыз.


Кескін қосылды.



Толық экранда көрсету




Көп экранды дисплей



Ақ түсті  
шамның  
жануы  
(күту режимі)

Қосалқы LED  
шамы  
Жасыл шамның  
жануы



Жасыл  
шамның  
жануы

Қосалқы LED  
шамы  
Жасыл шамның  
жануы

### ▶ Көп экранды режимді жабу

Трансмиттердің қосалқы түймесін 1 секундтан ұзақ басып тұрыңыз.

- Қосалқы LED шамы жасыл түстен ӨШІРУЛІ күйіне ауысады және көп экранды режим жабылады.

## Қолдану мәліметтері

Қолдану мәліметтерін “Пайдалану нұсқаулығы – Функциялық нұсқаулық” құжатынан оқи аласыз. Мына URL мекенжайынан “Пайдалану нұсқаулығы – Функциялық нұсқаулық” құжатын жүктеп алыңыз.

<https://panasonic.net/cns/prodisplays/wps2/>

# Трансмиттер қосылымын бекіту




Бірнеше трансмиттер жұпталып және қолданылып тұрғанда, қабылдағышқа тек бір трансмиттер жалғай аласыз және басқа трансмиттерге ауысу функциясын өшіруге болады.

Бұл параметр трансмиттердің абайсызда ауысып кетуінің алдын алады.


## Бекітілген режимді орнату

**Бір трансмиттердің кескіні көрсетіліп тұрғанда, трансмиттердің негізгі түймесін 1 секунд немесе одан ұзақ басып тұрыңыз.**

Негізгі LED шамы жасыл түстен көк түске өзгереді және бекітілген режим қосылады.



Жасыл шамның жануы



Көк шамның жануы  
(бекітілген режим)

Басқа трансмиттерлер



Ақ түсті шамның жануы  
(күту режимі)




Қызыл шамның жануы  
(операция өшірілген)


## Бекітілген режимді жабу

**Трансмиттердің негізгі түймесін 1 секундтан ұзақ басып тұрыңыз.**

Негізгі LED шамы көк түстен жасыл түске өзгереді және бекітілген режим өшеді.



Көк шамның жануы  
(бекітілген режим)




Жасыл шамның жануы  
(бекітілген режим жабылды)

# Трансмиттерді ұзарту әдісі (жұптау)

TY-WPS1W негізгі жинағының / TY-WPSC1W негізгі жинағының трансмиттері мен қабылдағышы үшін жұптау параметрлері жасалды.

## Қабылдағыш пен трансмиттерді жалғау арқылы жұптау


### 1 Режим ауыстырғышты STD жағына сырғытыңыз.



### 2 Трансмиттердің USB терминалын қабылдағыштың USB терминалына жалғаңыз.



TY-WPBC1W құрылғысын жалғау үшін TY-WPSC1W/ TY-P2BC1W/TY-WPBC1W құрылғысымен бірге берілетін жұптауға арналған конверсия адаптерін пайдаланыңыз.



Қабылдағыштың LED шамы ақ түсте жыпылықтағанға дейін кішкене күтіңіз. Содан кейін жұптау процесі автоматты түрде басталады. “Pairing...” (жұпталауда) хабары күту режимінің экранында көрсетіледі.

### 3 Жұптау процесі аяқталды.

“Pairing OK” хабары пайда болады және қабылдағыштың LED шамы ақ түсте жанады.




### 4 Қабылдағыштан трансмиттердің USB кабелін шығарыңыз.

## Файлды USB жадына сақтау арқылы жұптау

### Қолдау көрсетілетін құрылғы

- Нарықта қолжетімді USB жад құрылғыларына қолдау көрсетіледі. (Қауіпсіздік функциялары бар құрылғыларға қолдау көрсетілмейді.)
- Тек FAT16 немесе FAT32 жүйелерінде форматталған USB жад құрылғыларын ғана пайдалануға болады.
- USB жад көлемі 32 Гб-қа дейінгі құрылғыларды пайдалануға болады.
- Бір бөлім конфигурациясына ғана қолдау көрсетіледі.

### 1 USB жадын қабылдағыштың USB терминалына жалғаңыз.




### 2 FUNCTION түймесін басыңыз.

LED шамдары ақ түсте жанады және жұптау файлы USB жадына сақталады.


### 3 USB жадын алыңыз.

### 4 Режим ауыстырғышты EXT жағына сырғытыңыз.




### 5 Трансмиттерді қуат көзіне қосыңыз.

TY-WPB1W



5 В/0,9 А  
Қуат көзі

TY-WPBC1W



5 В/0,9 А  
Қуат көзі

### 6 USB жадын трансмиттердің USB терминалына жалғаңыз.

### 7 Жұптау процесі аяқталды.

Трансмиттердің негізгі LED шамы ақ түсте жанады.


### 8 Трансмиттерден USB жадын шығарыңыз.

# Қабылдағышты орнату

## Қабылдағышты орнатуға арналған кронштейнге арналған компоненттері

Мына бөліктер бар екенін тексеріңіз.

Негізгі кронштейн (А-1) .....1  
(DPVF3503ZA/X1)



А парағы (В-1) .....1  
(DPVF3507ZA/X1)  
(30 × 12 мм)



Жалғағыш кронштейн А (А-2) ...1  
(DPVF3505ZA/X1)

Дисплейде орнату үшін пайдаланылады.



В парағы (В-2) .....3  
(DPVF3508ZA/X1)  
(24 × 20 мм)



Жалғағыш кронштейн В (А-3) ...1  
(DPVF3504ZA/X1)

Дисплейде орнату үшін пайдаланылады.



Домалатпа бұранда (С-1) ...2  
(DPVF3509ZA/X1)  
(M4 × 5)



Бұранда (С-2) .....6  
(DPVF3510ZA/X1)  
(M4 × 5)



Жалғағыш кронштейн С (А-4) ...1  
(DPVF3506ZA/X1)

Проекторда орнату үшін пайдаланылады.




Бұранда (С-3) .....2  
(DPVF3511ZA/X1)  
(M3 × 8)





## Төбеге немесе қабырғаға орнату

**1** Негізгі кронштейнді (А-1) қабылдағыштың астыңғы бетіндегі 4 бұранда саңылауымен туралаңыз.

**2** Негізгі кронштейнді (А-1) 4 бұрандамен (С-2) бекітіңіз.




Негізгі кронштейнді тік немесе көлденең бағытта орнатуға болады.



### 3 2 бұрандамен қабылдағышты төбеге немесе қабырғаға бекітіңіз.


Орнатылатын төбеге немесе қабырғаға байланысты түрі мен ұзындығы сәйкес келетін бұрандаларды (бөлек сатып алуға болады) пайдаланыңыз. (Ұсынылған өлшем: M4)




#### Басқа орнату әдісі

Қабылдағышты дисплейге немесе проекторға орнатуға болады.

##### ● Дисплейде орнату



##### ● Проекторда орнату



Орнату әдісі туралы мәліметтерді “Пайдалану нұсқаулығы – Функциялық нұсқаулық” құжатынан оқи аласыз.

Мына URL мекенжайынан “Пайдалану нұсқаулығы – Функциялық нұсқаулық” құжатын жүктеп алыңыз.

<https://panasonic.net/cns/prodisplays/wps2/>



# Сымсыз LAN пайдалану ескертпелері

Сымсыз LAN желісі 5 ГГц диапазонындағы

радиотолқындарды пайдаланады.

Пайдаланбас бұрын мына пунктiлердi толық оқып,  
түсiнiп алыңыз.

**Бұл өнiмдi ғимарат iшiнде ғана пайдаланыңыз.**

- Радиокұрылғылар туралы заң бойынша 5 ГГц диапазонындағы сымсыз құрылғыларды сыртта қолдануға тыйым салынған.

**Мүмкiн болса, өнiмнiң жанында ұялы телефондарды, теледидарларды немесе радиокұрылғыларды пайдаланбаңыз.**

- Ұялы телефондарда, теледидарларда, радиоларда және соған ұқсас құрылғыларда өнiмнiң түрлi радио диапазондары пайдаланылады, сол себептi сымсыз байланысқа немесе осы құрылғылар тасымалына және қабылдауына әсер етпейдi. Дегенмен өнiмнен шыққан радиотолқындар аудио немесе бейне шуыл шығаруы мүмкiн.

**Сымсыз байланыс радио толқындары болат арматуралардан, металдан, бетоннан, т.б. өтпейдi.**

- Ағаш және шыны (сымды торлы шыныны ескермегенде) сияқты материалдардан жасалған қабырғалар және едендер арқылы байланыс мүмкiн, бiрақ болат арматуралардан, металдан, бетоннан, т.б. жасалған қабырғалар мен едендер арқылы мүмкiн емес.

**Ақпарат тарату станцияларынан немесе радиокұрылғылардан шыққан мықты радиотолқынға байланысты өнiм дұрыс жұмыс iстемеуi мүмкiн.**

- Жабдық орнатылған орынға жақын жерде күштi радиотолқын шығаратын қондырғы немесе жабдық болса, өнiмдi радиотолқын көзiнен барынша алшақ орнатыңыз.

**Өнiмдi шет елде пайдалану**

- Өнiмдi сатып алған елден немесе аймақтан сыртқа шығаруға тыйым салынады, сондықтан тек айтылған елде немесе ауданда пайдаланыңыз. Сонымен қатар, елдерге немесе аудандарға байланысты сымсыз LAN пайдалануға болатын арналар мен жиiлiктерге шектеулер болады.

### Сәйкестік декларациясы (DoC)

“Panasonic Connect Co., Ltd. компаниясы осы өнімнің маңызды талаптарға және 2014/53/EU директивасында көрсетілген басқа шарттарға сәйкес келетінін мәлімдейді.”

Осы өнімнің түпнұсқа сәйкестік жөніндегі декларациясының көшірмесін алғыңыз келсе, мына веб-сайтқа кіріңіз: <http://www.ptc.panasonic.de>  
Өкілетті өкіл: Panasonic Testing Centre  
Panasonic Service Europe, Panasonic Connect Europe GmbH филиалы

Winsbergring 15, 22525 Hamburg, Germany  
Егер 5 ГГц жиілік диапазонын пайдаланып жатсаңыз, төменде көрсетілген елдерде өнімді тек ғимарат ішінде қолдану керек.

Австрия, Бельгия, Болгария, Хорватия, Кипр, Чех Республикасы, Дания, Эстония, Финляндия, Франция, Германия, Грекия, Венгрия, Исландия, Ирландия, Италия, Латвия, Лихтенштейн, Литва, Люксембург, Мальта, Нидерланд, Норвегия, Польша, Португалия, Румыния, Словакия, Словения, Испания, Швеция, Швейцария, Түркия, Біріккен Корольдік

#### **WLAN: Максималды қуат**

23 дБм (5,180 ГГц – 5,240 ГГц)

Директива: 2014/53/EU

# Қауіпсіздікке қатысты сұрау

Осы өнімді пайдалану кезінде келесі оқыс оқиғаларға қарсы қауіпсіздік шараларын қолданыңыз.

- Осы өнім арқылы жеке ақпарат шығуы мүмкін
- Осы өнімнің зиянды үшінші тараппен рұқсатсыз қолданысы
- Осы өнімнің зиянды үшінші тараппен тоқтатылуы немесе кідірілуі

**Жеткілікті қауіпсіздік шараларын қолданыңыз.**

## Сымсыз LAN өнімдерін пайдаланған кездегі қауіпсіздікке қатысты сақтық шаралары

- Сымсыз LAN артықшылығы – радио тасымалдау ауқымындағы радио толқындарды пайдаланумен ДК немесе басқа осындай жабдық және кіру нүктесі арасында ауыстыруға болатын ақпарат. Басқа жағынан, радио толқындарды кедергілер (қабырғалар сияқты) арқылы тасымалдауға болады және берілген ауқымда қолжетімді болады, егер қауіпсіздікке қатысты параметрлер жасалмаса, төменде тізімделген түрлі мәселелер орын алуы мүмкін.
  - Зиянды үшінші тарап идентификатор, құпиясөз және/немесе несие картасы нөмірлері сияқты жеке ақпарат, электрондық пошта мазмұнымен қоса тасымалданған деректерді бақылауы және тоқтатуы мүмкін.

- Зиянды үшінші тарап келесі әрекет түрлеріне автоландырусыз және қосылусыз жеке немесе корпоративтік желіге кіруі мүмкін.

Жеке және/немесе құпия ақпаратты (ақпарат шығысы) алу

Белгілі бір ақпаратқа тағайындаумен жалған ақпаратты тарату (алдау)

Тоқтатылған байланыстарды және мәселенің жалған деректерін қайта жазу (ашу)

Компьютер вирусы сияқты зиянды бағдарламалық жасақтаманы тарату және деректерді және/немесе жүйені бұзу (жүйе бұзылысы)

- Көптеген сымсыз LAN адаптерлері немесе кіру нүктелері осы мәселелерді шешуге қажетті қауіпсіздік мүмкіндіктерімен жабдықталғандықтан, сымсыз LAN құрылғысының тиісті қауіпсіздік параметрлерін жасау арқылы осы өнімді пайдалану кезінде осы мәселелер орын алу мүмкіндігін азайтуға болады.
- Кейбір сымсыз LAN құрылғылары сатып алудан кейін қауіпсіздік үшін дереу орнатылмауы мүмкін. Қауіпсіздік мәселелерінің орын алу мүмкіндігін азайту үшін сымсыз LAN құрылғыларын пайдалану алдында бірге берілген жұмыс нұсқаулықтарында берілген нұсқауларға сәйкес барлық қауіпсіздікке қатысты параметрлерді тексеріңіз.

Сымсыз LAN сипаттамаларына байланысты зиянды үшінші тарап қауіпсіздік параметрлерін арнайы құралдармен бұзуы мүмкін.

Егер сымсыз LAN желісіне қауіпсіздік параметрлерін орындау мүмкін болмаса, Panasonic дилеріне кеңес алыңыз.

- Panasonic Connect Co., Ltd. ұйымы тұтынушылардан қауіпсіздік параметрлерін жасаусыз осы өнімді пайдалану қаупін түсінуді сұрайды және жеке тараптан және жауапкершілікке сәйкес қауіпсіздік параметрлерін жасауын сұрады.

# Техникалық сипаттамалар

## ■ Қабылдағыш

Үлгі нөм.	TY-WPR1W
Өнім атауы	WPS қабылдағыш
Бейне шығысы	HDMI × 1 (HDCP1.4)
Шығыс	1920 x 1080 / 60p, 3840 x 2160 / 30p (макс.)
ажыратымдылық	32
Бір уақыттағы қосылымдар саны	32
Сымсыз байланыс стандарты	IEEE 802.11a/n/ac Bluetooth (GFSK, π/4-DQPSK, 8DPSK)
Дерек алмасу жылдамдығы, сымсыз	867 Мб/с (макс.)
Жиілік жолағы	5 ГГц (5,150 ГГц – 5,250 ГГц)
Қауіпсіздік	WPA/WPA2
Қолжетімді қашықтық	30 м-ге дейін (Көру мүмкіндігі және радиотолқын жағдайлары жақсы орындар)
FUNCTION LED шамы	
Ақ түсті шамның жыпылықтауы	Жұпталуда
Ақ түсті шамның жануы	Жұптау процесі аяқталды
LAN терминалы	RJ45 × 1 10BASE-T/100BASE-TX/1000BASE-T қолдау көрсетіледі
USB терминалы	USB коннекторы × 1, Type-A
Қуат көзі	Тұрақты ток 5 В/2 А
Өлшемдер (Е × Б × Т)	120 мм × 26 мм × 81 мм / 4,71 дюйм × 1,03 дюйм × 3,19 дюйм (антенналарды қоспағанда)
Салмағы	Шамамен 181 г / 0,4 фунт Температура: 0 °C – 35 °C (32 °F – 95 °F)
Жұмыс күйі	Ылғалдылық: 20 % – 80 % (конденсациясыз)
Сақтау шарты	Температура: -20 °C – 60 °C (-4 °F – 140 °F) Ылғалдылық: 20 % – 80 % (конденсациясыз)

## ■ Трансмиттер

Үлгі нөм.	TY-WPB1W	TY-WPBC1W
Өнім атауы	WPS таратқыш	WPS USB-C таратқыш
Бейне кірісі	HDMI × 1 (HDCP1.4)	USB Type-C × 1 (HDCP1.4, DisplayPort Alt режимі)
Кіріс ажыратымдылық	1920 x 1080 / 60p (макс.)	
Сымсыз байланыс стандарты	IEEE 802.11a/n/ac	
Дерек алмасу жылдамдығы, сымсыз	433 Мб/с (макс.)	
Жиілік жолағы	5 ГГц (5,150 ГГц – 5,250 ГГц)	
Қауіпсіздік	WPA/WPA2	
Қолжетімді қашықтық	30 м-ге дейін (Көру мүмкіндігі және радиотолқын жағдайлары жақсы орындар)	
Негізгі LED шамы		
Ақ түсті шамның жыпылықтауы	Жұпталуда	
Ақ түсті шамның жануы	Күту режимі немесе жұптау аяқталды	
Қызыл шамның жыпылықтауы	Қосылуда	
Қызыл шамның жануы	Операция өшірілді	
Жасыл шамның жануы	Кескін көрсетілуде	
Көк шамның жануы	Бекітілген режим	
Қосалқы LED шамы		
Жасыл шамның жануы	Көп экранды режим	
USB терминалы	USB коннекторы × 1, Type-A	
Қуат көзі	Тұрақты ток 5 В/0,9 А	
Өлшемдер (Е × Б × Т)	51 мм × 21 мм × 73 мм / 2,00 дюйм × 0,80 дюйм × 2,86 дюйм (кабельдерді қоспағанда)	51 мм × 26 мм × 73 мм / 2,00 дюйм × 1,00 дюйм × 2,86 дюйм (кабельдерді қоспағанда)
	51 мм × 21 мм × 283 мм / 2,00 дюйм × 0,80 дюйм × 11,12 дюйм (кабельдерді қосқанда)	51 мм × 26 мм × 178 мм / 2,00 дюйм × 1,00 дюйм × 6,98 дюйм (кабельдерді қосқанда)
Салмағы	Шамамен 110 г / 0,3 фунт	
Жұмыс күйі	Температура: 0 °C – 35 °C (32 °F – 95 °F) Ылғалдылық: 20 % – 80 % (конденсациясыз)	
Сақтау шарты	Температура: -20 °C – 60 °C (-4 °F – 140 °F) Ылғалдылық: 20 % – 80 % (конденсациясыз)	

## **Бағдарламалық жасақтама лицензиясы**

Бұл өнімге келесі бағдарламалық жасақтама кіреді:

- (1) бағдарламалық құрал тек Panasonic Connect Co., Ltd. компаниясы арқылы немесе компаниясы үшін жасалған,
- (2) бағдарламалық құрал үшінші тарапқа тиесілі және Panasonic Connect Co., Ltd. компаниясының лицензиясы бар,
- (3) бағдарламалық құралға GNU жалпы қоғамдық лицензия, 2.0 (GPL V2.0) нұсқасы берілген,
- (4) бағдарламалық құралға GNU LIBRARY жалпы қоғамдық лицензия, 2.0 (LGPL V2.0) нұсқасы берілген,
- (5) бағдарламалық құралға GNU LESSER жалпы қоғамдық лицензия, 2.1 (LGPL V2.1) нұсқасы берілген және/немесе
- (6) GPL V2.0, LGPL V2.0 және/немесе LGPL V2.1 бойынша лицензияланған бағдарламалық құралдан басқа бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал.

(3) – (6) ретінде топтастырылған бағдарламалық жасақтама пайдалы болады деген үмітпен таратылады, бірақ ЕШҚАНДАЙ КЕПІЛДІК БЕРІЛМЕЙДІ, тіпті КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ немесе БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТ ҮШІН ЖАРАМДЫЛЫҚ ұйғарынды кепілдігі берілмейді. Толық ақпарат алу үшін, осы өнімнің Веб-параметрлер экранынан көрсетілген операциядан кейін [Лицензия програм. обеспечения] опциясын таңдау арқылы көрсетілген лицензия шарттарын қараңыз.

Өнімді жеткізгеннен кейін кемінде үш (3) жыл ішінде Panasonic Connect Co., Ltd. компаниясы төменде көрсетілген байланыс ақпаратымен бізге хабарласқан кез келген үшінші тарапқа физикалық атқарушы бастапқы кодтың таратылуы, GPL V2.0, LGPL V2.0, LGPL V2.1 лицензиясына немесе осылай жасау міндеті бар, сонымен қатар, осы туралы сәйкес авторлық құқығының ескертпесі бар басқа лицензияларға сәйкес келетін бастапқы кодтың машина арқылы оқылатын толық көшірмесі үшін біздің бағадан қымбат емес төлем үшін береді.

Байланыс ақпараты:

[oss-cd-request@gg.jp.panasonic.com](mailto:oss-cd-request@gg.jp.panasonic.com)

### **Сауда белгілері туралы ақпарат**

- HDMI, High-Definition Multimedia Interface және HDMI Logo – АҚШ-тағы және басқа мемлекеттердегі HDMI Licensing Administrator, Inc. компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.
- USB Type-C және USB-C – USB Implementers Forum компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.
- PressIT – Panasonic Holdings Corporation компаниясының сауда белгісі.

Компания немесе өнім сауда белгілерінің шартты белгілері жасалмаған жағдайда да, осы сауда белгілері толығымен сәйкес келеді.



### **Еуропа Одағынан өзге елдердің өндірісінде пайдаланбау туралы ақпарат**

Нышан тек Еуропа Одағында жарамды.

Егер осы өнімді жойғыңыз келсе, жергілікті өкілеттік немесе дилеріңізге хабарласып, өндірісте пайдаланбаудың дұрыс әдісін сұраңыз.

### **Электр және электрондық жабдықтардағы кейбір зиянды заттарды қолдануға шектеу қою туралы регламенттің техникалық талаптарына**

#### **Сәйкестік жөніндегі декларация**

(Украинаның министрлер кабинетінің №1057 бекітілген қаулысы)

Бұйым электр және электрондық жабдықтардағы кейбір зиянды заттарды қолдануға шектеу қою туралы техникалық регламент талаптарына сәйкес. (ЗЗҚШ ТР)

ЗЗҚШ ТР Регламенттің №2 Қосымшасында ескерілмеген жағдайлардағы зиянды заттарының құрамы:

1. қорғасын (Pb) – заттың 0,1wt % салмағынан немесе миллионнан 1000 бөлікке дейінгі шоғырлануынан аспайды;
2. кадмий (Cd) – заттың 0,01 wt % салмағынан немесе миллионнан 100 бөлікке дейінгі шоғырлануынан аспайды;
3. сынап (Hg) – заттың 0,1wt % салмағынан немесе миллионнан 1000 бөлікке дейінгі шоғырлануынан аспайды;
4. алтывалентті хром (Cr6+) – заттың 0,1wt % салмағынан немесе миллионнан 1000 бөлікке дейінгі шоғырлануынан аспайды;
5. полибромбифенол (PBB) – заттың 0,1wt % салмағынан немесе миллионнан 1000 бөлікке дейінгі шоғырлануынан аспайды;
6. полибромбифенол эфирлері (PBDE) – заттың 0,1wt % салмағынан немесе миллионнан 1000 бөлікке дейінгі шоғырлануынан аспайды.

Информационный центр Panasonic

Для звонков из Москвы: +7 (495) 725-05-65

Бесплатный звонок по России: 8-800-200-21-00

Информацийний центр Panasonic

Міжнародні дзвінки та дзвінки із Києва: +380-44-490-38-98

Безкоштовні дзвінки зі стаціонарних телефонів у межах України: 0-800-309-880

Panasonic ақпараттық орталығы

Қазақстан мен Орта Азиядан қоңырау шалу үшін.

Для звонков из Казахстана и Центральной Азии: +7 (727) 330-88-07; 8-800-0-809-809

### **Тұтынушының жазбасы**

Осы өнімнің үлгі нөмірі мен сериялы нөмірін оның артқы панелінен табуға болады. Осы сериялы нөмірді төмендегі берілген орынға ескертпе жазыңыз, осы кітапты, онымен қоса сатып алу хабарламасын, ұрлану мен жоғалу оқиғасында жеке мәліметтерді тез іске қосу аумағы ретінде және Кепілдік қызметі үшін сатып алудың тұрақты жазбасын сақтаңыз.

**Үлгі нөмірі**

**Сериялық нөмірі**

**Panasonic Connect Co., Ltd.**

4-1-62 Minoshima, Hakata-ku, Fukuoka 812-8531, Japan

Web Site: <https://panasonic.net/cns/prodisplays/>

© Panasonic Connect Co., Ltd. 2022

Казахский

Қытайда басып шығарылған